

**«Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің  
ЖАРҒЫСЫ**

**Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2022**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнының құқықтық мирасқоры болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнының барлық құқықтары мен міндеттемелері серіктестікке ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап ауысады.

2. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді, дербес балансы, банкте шоттары, өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

3. Серіктестіктің өз атауы жазылған бланкілері және өз қызметін жүргізуге қажетті өзге де реквизиттері болады.

4. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының [Конституциясын](#), [Азаматтық кодексін](#), «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» [Заңы](#) (бұдан әрі - Заң), басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және де осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Серіктестік басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тәртіпте серіктестік өзі орналасқан жерден тыс жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын, оның атынын іс-әрекет жасайтын және серіктестіктің тапсырмасына сәйкес, олар туралы Ереженің негізінде филиалдар (өкілдіктер) ашуға құқылы.

## 2-тарау. Серіктестіктің фирмалық атауы, тұрған жері және мекенжайы

7. Серіктестіктің фирмалық атауы:

толық:

1) мемлекеттік тілде – «Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде – Товарищество с ограниченной ответственностью «Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана»;

3) ағылшын тілінде - Limited Liability Company «National Nanotechnological Laboratory of Open Type»

қысқаша:

1) мемлекеттік тілде – «АТҰНЗ» ЖШС;

2) орыс тілінде – ТОО «ННЛОТ».

3) ағылшын тілінде - LLC «NNLOT».

8. Серіктестіктің орналасқан жері және мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., аль-Фараби даңғылы, 71/23; тел. 8(727) 377-35-11.

9. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі: жауапкершілігі шектеулі серіктестігі түрінде құрылған мемлекеттік заңды тұлға.

10. Негізгі қызмет түрі:

Серіктестік қызметінің мақсаты – ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру және олардың орындалуын қамтамасыз ету; біліктілігі жоғары кадрларды және инженерлік-техникалық мамандарды даярлауға және қайта даярлауға көмектесу; Серіктестіктің ғылыми

және шаруашылық әлеуетін тиімді пайдалану есебінен пайда табу; Қазақстан Республикасы экономикасының ілгергі дамуына және диверсификациясына бағытталған ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін сәйкес келетін өндіріс салалары мен оқу үдерісіне енгізу.

Серіктестік қызметінің мақсаты нанотехнологиялық зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу, мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес өнімге талдамалық өлшеулер мен сынақтар жүргізу, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттеріне жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикасын көтеруді, тұрақтандыру мен әртаратандыруды қамтамасыз ететін тиісті өндіріс салаларына зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін енгізу болып табылады.

Мақсаттарға жету үшін «АТҰНЗ» ЖШС мына қызмет ету түрлерін жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік, өңірлік, салалық, халықаралық және өзге де бағдарламалар мен жобалар шеңберінде, жаратылыстану және техникалық ғылымдар, наноғылым және нанотехнология, наноматериалдар, наноинженерия және наноматериалтану және білім беру саласындағы отандық және шетелдік қорлар мен ұйымдардың гранттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу

2) әртүрлі физикалық, химиялық және биологиялық процестерді пайдалана отырып, жаңа техниканы, технологияларды және наноматериалдарды жасау.

3) ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жоспарларын әзірлеуге қатысу;

4) жаратылыстану-ғылыми және техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерге, нанотехнологиялық зерттеулерге ғылыми-техникалық сараптама жүргізу, ғылыми өнімдерді одан әрі практикалық енгізу және ғылыми әзірлемелердің бәсекеге қабілеттілігі мен патенттік тазалығын қамтамасыз ету үшін аяқталған қолданбалы зерттеулерді анықтау;

5) республиканың, ТМД елдерінің және алыс шетелдің кәсіпорындарында сериялық өндірісті қамтамасыз етуді қоса алғанда, аяқталған әзірлемелерді, озық нанотехнологияларды және наноқұрылымды жаңа материалдарды енгізу;

6) ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелер жүргізуге, тапсырыс берушілермен шарттар бойынша өнім шығаруға, сондай-ақ мәлімделген аккредиттеу саласына сәйкес өнімдерге талдамалық өлшеулер, калибрлеу және сынақтар жүргізуге бөгде ұйымдардың тапсырыстарын орындау;

7) заңнамада белгіленген тәртіппен өнімді шығару және экспортқа жеткізуді жүзеге асыру;

8) ғылыми жетістіктергенегізделген өнімнің тәжірибелік, эксперименттік және сериялық өндірісін ұйымдастыру;

9) қолданылатын өлшеу құралдары мен әдістерін, шығарылатын ғылыми-техникалық өнімді және тәжірибелік-конструкторлық құжаттаманы қолданыстағы МЕМСТ-тармен, техникалық шарттармен және мемлекеттік сертификаттармен, стандарттау және метрология жүйесінің басқа да нормативтік құжаттамасымен қамтамасыз ету;

10) оқу-өндірістік практиканы қамтамасыз ету және бакалаврлардың дипломдық жұмыстарын, магистранттар мен докторанттардың диссертацияларын орындау үшін АТҰНЗ-тың оқу және материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту;

11) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық, химиялық, биологиялық, медициналық және басқа да факультеттерінде орындалатын наноғылым, наноматериалдар және нанотехнология саласындағы іргелі және қолданбалы жобалардың ғылыми зерттеулерін ақпараттық қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету;

12) ЖШС қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін озық технологияларды, бірлескен өндірістерді құру мақсатында басқа заңды тұлғалардың қызметіне өз қаражатымен қатысу;

13) бакалаврлар, магистрлер және PhD докторлары деңгейінде жоғары білікті

мамандарды даярлауға қатысу;

14) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-технологиялық өнімдеріне авторлық құқықты қорғау, ғалымдардың өнеркәсіптік және зияткерлік меншігін және құқықтарын қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;

15) перспективалы наноматериалдар, нанотехнологиялар және наноинженерия саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін еліміздің және алыс шетелдердің жетекші университеттерімен, басқа да ғылыми және білім беру мекемелерімен және өндірістік кәсіпорындармен ынтымақтастықты дамыту;

16) маңызды білім беру және ғылыми-техникалық міндеттерді бірлесіп шешу мақсатында инновациялық қызметтің жаңа нысандарымен, жоғары оқу орындарымен, ғылыми, жобалау-конструкторлық, технологиялық ұйымдармен және өнеркәсіптік кәсіпорындармен, қорлармен және басқа да құрылымдармен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;

17) қазақстандық ғалымдардың наноғылымның, өндіріс пен білім берудің әлемдік жүйесіне қатысуын кеңейту мақсатында шет елдердің ғылыми, оқу орындарымен және ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

18) басылымдық және патенттік-ақпараттық қызмет;

19) перспективалы наноматериалдар, нанотехнологиялар және наноинженерия саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау мақсатында ҒЗИ, оқу және ғылыми-білім беру мекемелері мен өндірістік кәсіпорындар үшін конференциялар, семинарлар, форумдар, симпозиумдар, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу

20) ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру.

21) АТҰНЗ қызметін насихаттау

22) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері

11. Серіктестік заң актілерімен және құрылтай шартымен тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрін жүзеге асыра алады.

Серіктестік лицензияның негізінде тізбесі заң актілерінде айқындалатын қызметтің жекелеген түрлерімен айналыса алады.

### **3-тарау. Серіктестік қатысушыларының тізбесі**

12. Серіктестікке қатысушылардың (серіктестікке қатысушыларының тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын серіктестіктерді қоспағанда) олардың атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, банк реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) немесе аты-жөні, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) көрсетілген тізбесі: «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ

### **4-тарау. Серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері**

13. Серіктестіктің қатысушылары:

1) серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) серіктестіктің қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға;

4) серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;

5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

б) Заңымен немесе серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

14. Серіктестіктің қатысушылары:

1) құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;

2) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

3) серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізген жағдайда осы жарғының [12-тармағында](#) көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ орталық депозитарийге жазбаша хабарлауға міндетті.

15. Серіктестіктің қатысушылары Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқаруға мүмкін.

## **5-тарау. Серіктестік органдарын қалыптастыру тәртібі және құзыреті**

16. Серіктестіктің органдары мыналар:

1) серіктестіктің жоғары органы - оған қатысушылардың жалпы жиналысы (жалпы жиналыс);

2) серіктестіктің бақылаушы органы – Байқаушы кеңес.

3) серіктестіктің атқарушы органы (жеке-дара) болып табылады.

Серіктестіктің құрылтайшылары серіктестіктің тексеру комиссиясын құру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Бір қатысушыдан тұратын серіктестікте қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жататын шешімдерді жалғыз қатысушы жеке-дара қабылдайды және жазбаша ресімделеді.

17. Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының ерекше құзыретіне:

1) серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның жарғысын өзгерту немесе серіктестіктің жаңа редакциядағы жарғысын бекіту;

2) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін немесе атқарушы органның жеке мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын айқындау;

3) серіктестіктің бақылаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

4) қаржылық есептемені бекіту және оның таза табысын бөлу;

4-1) аудит жүргізу Заңның 59-бабына сәйкес міндетті болып табылатын, серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

5) оларды бекіту серіктестіктің жарғысында серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа; серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа да құжаттарды бекіту;

б) серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім шығару;

7) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;

8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

9) серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару;

10) серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы шешім шығару;

11) серіктестік мүлкіне қосымша жарналарын енгізу туралы шешім шығару;

12) серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту;

13) жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен оның нәтижесінде серіктестік құны жауапкершілігі шектеулі серіктестік активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім шығару жатады.

Осы тармақтың 1), 7), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ серіктестік жарғысында белгіленген басқа да мәселелер бойынша шешімдер, серіктестікке қатысушылардың жиналысқа қатысып отырғандары мен оған өкілдік алғандар дауысының төрттен үш басым көпшілік даусымен қабылданады.

Осы тармақтың 9) тармақшасы бойынша шешім қабылданған кезде үлесі мәжбүрлеу тәртібімен сатып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оған тиесілі дауыс саны есептеу кезінде ескерілмейді.

Қалған шешімдер серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысына қатысушылар мен оған өкілдік алғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жалпы жиналыс серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға алуға құқылы.

18. Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Бақылаушы кеңес құрылады.

19. Бақылаушы кеңестің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) серіктестік қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындау немесе серіктестікті дамыту жоспарын бекіту;

2) серіктестік қызметіне жалпы бақылауды жүзеге асыру;

3) есептік салық (саясат) серіктестігін бекіту;

4) атқарушы органға қатысты көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережені бекіту; ;

6) серіктестіктің атқарушы органының ұсынуы бойынша коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің құрамы мен көлемін бекіту; ;

7) серіктестіктің міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті жаңа жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың) еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде ұлғайту туралы шешім қабылдау;

8) серіктестіктің қарыздарды тартуы туралы шешім қабылдауы;

9) серіктестіктің штат санын бекіту;

10) осы Жарғымен бекітілуі жалпы жиналыстың және атқарушы органның құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

11) серіктестіктің атқарушы органы құруға жататын құжаттар тізбесін бекіту;

12) құны заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс еселенген мөлшерінен аспайтын мүлікті қоспағанда, Серіктестік мүлкін қайта бағалау немесе есептен шығару шешімін келісу;

13) Бақылаушы кеңес бекіткен серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

20. Серіктестіктің Бақылаушы кеңестің мүшелігіне серіктестікке қатысушы кемінде үш адамды бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

21. Бақылаушы кеңесті төраға басқарады. Бақылаушы кеңестің төрағасы Бақылаушы кеңес мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен оның мүшелері арасынан сайланады.

22. Бақылаушы кеңестің отырысында төраға болмаған жағдайда төраға серіктестіктің Бақылаушы кеңестің мүшелерінен сайланады.

23. Бақылаушы кеңестің отырысы, егер оған қатысып отырған мүшелердің саны мүшелердің жалпы санының жартысынан астамын құраса, заңды, ал кворум шарттары сақталған болып танылады.

24. Бақылаушы кеңестің қарайтын мәселелер бойынша шешім отырысқа қатысып отырған немесе сырттай дауыс беруге қатысып отырған оның мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Бақылаушы кеңес төрағасының немесе Бақылаушы кеңестің отырысына төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

25. Серіктестіктің Бақылаушы кеңесі кез келген уақытта серіктестіктің атқарушы органының Қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге, осы Жарғыға сәйкес өз құзыреті шегінде серіктестіктің атқарушы органына нұсқау беруге, атқарушы органнан серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттарды сұратуға құқылы.

26. Өндірістік қажеттілік болған жағдайда Бақылаушы кеңестің отырысы сырттай сауалнама жолымен хат алмасу арқылы факсимильдік немесе электрондық хабарламамен не Бақылаушы кеңестің барлық мүшелеріне қолжетімді байланыс құралдарын пайдалана отырып өткізілуі мүмкін.

27. Өз өкілеттіктерін тиісінше орындамағаны және серіктестіктің атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асырғаны үшін Бақылаушы кеңес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

28. Атқарушы орган-директор, ол қатысушылардың жалпы жиналысына есеп беретін және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Құрылтайшы директорды тағайындаған кезде еңбек қатынастары ҚР-ның еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

29. Директордың құзыретіне жалпы жиналыстың және Бақылаушы кеңестің құзыретіне жатпайтын серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

Серіктестіктің атқарушы органының құзыретіне жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне жатпайтын, [заңға](#) сәйкес атқарушы органға берілген оның өкілеттіктері де жатады.

30. Серіктестік директорының өкілеттігі:

1) серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) қайта сенім білдіру құқығынсыз серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

3) серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйелерін белгілейді, лауазымдық жалақы мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу және тәртіптік жазалар шараларын қолданады;

4) қатысушылардың жалпы жиналысының немесе бақылаушы органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы берген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

31. Серіктестіктің атқарушы органының Қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін серіктестікке қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің арасынан тексеру комиссиясы құрылуы немесе ревизор сайлануы мүмкін.

32. Серіктестіктің тексеру комиссиясын немесе жеке-дара тексерушісін жалпы жиналыс бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

Серіктестіктің атқарушы органдарының мүшелері тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

Тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен айқындалады.

## **6-тарау. Серіктестіктің таза табысын оның қатысушылары арасында бөлу**

33. Серіктестікке қатысушылар арасында серіктестіктің бір жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған серіктестікке қатысушылардың кезекті жиналысының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Жалпы жиналыс таза табысты немесе оның бір бөлігін серіктестікке қатысушылар арасында бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға да құқылы.

34. Серіктестіктің жалпы жиналысы табысты қатысушылар арасында бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда әрбір қатысушы бөлінетін табыстың серіктестік жарғылық капиталындағы өз үлесіне сәйкес бөлігін алуға құқылы. Төлемді серіктестік жалпы жиналыс таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ақшалай нысанда жасауға тиіс.

#### **7-тарау. Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

35. Серіктестіктің өзінің қатысушыларының талабы бойынша серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

35-1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органы серіктестіктің барлық қатысушыларына:

1) сотта корпоративтік дау жөніндегі істің қозғалғаны туралы;

2) серіктестікке қатысушының лажсыз жағдайды шешудің кез келген тәртібіне бастамашылық жасағаны туралы ақпарат беруге міндетті.

36. Атқарушы орган қатысушылардың (қатысушының) жазбаша өтінішінің негізінде серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты қатысушылардың (қатысушының) шешімімен белгіленген мерзімде беруге міндетті.

37. Үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен көлемі қатысушылардың шешімімен және үлесті иелену туралы алдын-ала жасалған келісім шартпен белгіленеді.

#### **8-тарау. Серіктестіктің мүлкі және жарғылық капиталының мөлшері**

38. Серіктестіктің мүлкі оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) салымдары, серіктестік алған табыстар, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен құралады.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында есептеледі.

39. Мемлекеттік тіркеу кезінде серіктестіктің жарғылық капиталы 307 000 (үш жүз жеті мың) теңгені құрайды.

#### **9-тарау. Серіктестіктің қайта ұйымдастырылуы мен таратылуы**

40. Серіктестіктің жалпы жиналысының шешімімен немесе Қазақстан Республикасының Заңдарымен көзделген басқа да негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

41. Серіктестіктің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылу тәртібі Қазақстан Республикасының [Заңымен](#) және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

#### **10-тарау. Қорытынды ереже**

42. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

43. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын заңды тұлғаның қызмет саласында құқық қабілеттілігі осындай рұқсатты алған кезден бастап пайда болады және ол алып қойылған, қолданыс мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.



**Серіктестіктің құрылтайшысы:**

«әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ